

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген республикалық мемлекеттік ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 529 қаулысы.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

### 1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қосылу жолымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Шекерім атындағы Семей мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Семей мемлекеттік педагогикалық институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қосылу жолымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Семей қаласының Шекерім атындағы мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылсын.

### 2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі кәсіпорындарға қатысты тиісті саланы басқару жөніндегі уәкілетті орган;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы, сондай-ақ ғылыми зерттеулер саласындағы қызметті жүзеге асыру кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорындар жарғыларын бекітуге ұсынуды;

2) кәсіпорындарды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

3) осы қаулыдан туындастырылған өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 29 мамырдағы  
№ 529 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі № 1021 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 28, 339-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесінде:

реттік нөмірлері 8 және 19-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 35 және 36-жолдармен толықтырылсын:

"35. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе қаласы;

36. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны Семей қаласы".

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.